

**Мәртөк ауданы Құмсай ауылы «Құмсай бастауыш мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған 1 «А» сыныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық
талдау есебі**

Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірінғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру үйімдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Үш құндылық бойынша іс-шара жоспарлары жасалып бекітілді.

Тәрбие жұмыстарын үйімдастырудың нормативтік-құқықтық базасы нұсқаулықта көрсетілген құжаттарға сәйкес жүргізілуде.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен деңсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбеккорлық, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді қөздейді.

Білім күнінде «Абай қазақ данасы» тақырыбында, қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насиҳаттау мақсатында сыннып сағаты өткізілді.

19.09.24ж. Оқушыларды өз ана тілінің қадір-касиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сез құдіретін түсініп, оны адам өміріндегі маңызын ұғынуға үрету мақсатында «Ұлы даланың ұлт аралық тілі» тақырыбында сыннып сағаты өткізілді.

Қараша айында 1 сыннып оқушыларымен «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізілді.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Көк туым желбірегені» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Қыркүйек айында 1 сыннып оқушыларымен «Кітап — біздің досымыз» тақырыбында кітапханаға саяхат жасалды.

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз мектептің жүргегі» тақырыбында тәрбие сағаты, «Қайырымдылық — жасамғаз күш» тақырыбында сыннып сағаты өткізілді. Қазан айында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тақырыбында сыннып сағаты, қараша айында «Қазақтың ұлттық аспаптары» тақырыбында танымдық сабак, қараша айында «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» тақырыбында апликациялық жұмыс, байқауы өткізілді.

Қыркүйек айында Отбасы күніне орай «Отбасым — бақыт мекенім» тақырыбында сыннып сағаты және осы тақырыпта оқушылар сурет салу көрмесі жоспарланып, өз деңгейінде өтті.

Сондай-ақ, ата-аналармен «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Қазан айында «Күз сыйы» тақырыбында қабырға газетінен бастауыштар арасында байқауға қатысып, 1 сыннып оқушылары I орынды иеленді. Қараша айында

«Мамандықтың бері жақсы» тақырыбында танымдық сабак өткізілді.

Қыркүйек айында «Өтірік сөз жерге баспас» тақырыбында оқушыларға фильм көрсетілді. Қыркүйек айында оқушылармен «Мектеп ережесін құрметтейік» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Қараша айында «Мәдени киіну эстетикасы» тақырыбында өнер сабагы өтті.

Желтоқсан айында балалардың көптен күткен мерекесі Жаңа жыл қарсанында сыннып «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында ертengілік өткізілді. Оқушылар Аяз атаға тақпактарын айтЫП, сыйлықтарын алды.

Қорытындылай келгенде, осы аталмыши іс-шаралар жоспар бойынша уақытында өткізіліп, материалдары жинақталып отырды.

1 сынныпта 3 ұл бала. Барлық оқушылар ешқандай сабактан себепсіз қалмаған, тәрбиеге бағынбайтын оқушы болмаған. Ешқандай тазалықтан ескерту алған жоқ.

Сынып жетекші

Дарменова Ажар Есенбаевна